

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 10 шілдедегі N 1148 Жарлығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 наурыздағы N 1306 Жарлығы "Президент пен Үкімет актілерінің жинағында" жариялануға тиіс

Қаулы етемін:

1. "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының мәртебесі мен өкілеттігі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 10 шілдедегі N 1148 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2003 ж., N 28, 263-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

4 - т а р м а қ т а :

1) тармақшаның үшінші абзацы алып тасталсын;
3) тармақша "Адам құқықтары жөніндегі комиссия," деген сөздерден кейін "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасын сақтауы мәселелері жөніндегі комиссия," деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті